

**Концессиялық жобаларды консультативтік сүйемелдеу жөніндегі заңды тұлғаларды айқындау туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 30 сәуірдегі № 428 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 12 сәуірдегі № 214 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 12.04.2022 № 214 қаулысымен.**

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 03.03.2021 № 116 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Концессиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 6-1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Kazakhstan Project Preparation Fund" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі:

1) денсаулық сақтау саласындағы республикалық концессиялық жобаларды қоспағанда, республикалық концессиялық жобаларды;

2) егер жергілікті атқарушы органның тиісті шешімімен өзгеше белгіленбесе, жергілікті концессиялық жобаларды консультативтік сүйемелдеу жөніндегі заңды тұлға болып айқындалсын.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 03.03.2021 № 116 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

1-1. "Turar Healthcare" коммерциялық емес акционерлік қоғамы денсаулық сақтау саласындағы республикалық концессиялық жобаларды консультативтік сүйемелдеу жөніндегі заңды тұлға болып айқындалсын.

**Ескерту. Қаулы 1-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 03.03.2021 № 116 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов